

көзімізбен көріп, көңілімізбен марқаймыз.

Бұл ретте біздің досымыз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елеулі үлесі барын мақтанш тұтамыз. Оның бойындағы биік адамгершілік парасаты мен болашақты бағамдай білетін басшылық көрегендік қасиеттеріне тәнтіміз,- дейді Әділ Ысқақұлы.

1988 жылға дейін горновой болып жемісті еңбек еткен Әділ Үсеев ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ардагер. Кіші ұлы әке жолын жалғастырып, Мәскеуден жоғары білім алып келіп, инженер болып жұмыс істейді. Ал қызы Алина, Ресейде оқып, сонда тұрақтап қалыпты. Мәскеудегі «НТВ» телеарнасында ақпараттық технология жағынан қызмет атқарады.



Әділ Үсеев туралы әдебиет:

Алдашева, Р. Жарқын өмір иесі.
[металлург Әділ Ысқақұлы Үсеев туралы] // Теміртау.- 2010.- 30 маусым (№ 26).- 2 б.


Құрастырқышы: АББ библиографы
Жанашева К.А.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60
Факс: 8(7213)44-66-81
E-mail: tcsqb@mail.ru



«Теміртау қаласының орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім

Қала тарихындағы есімдер



Әділ Ысқақұлы Үсеев Жаднама

Теміртау, 2016



Сонау 1950 жылдары Қазақстан Магниткасының екпінді құрылысына ат салысып, Теміртауға келіп, табан тіреген, бұған дейін ауылдағы қарапайым қазақ баласына беймәлім техникалық мамандық—металургтік кәсіпті игерген жандардың арасында, бүгінгі біздің кейіпкеріміз Әділ Ысқақұлы Үсеев те бар еді.

Тепсе темір үзетін, жап-жас бозбаланың тағдырын Арқамен байланыстырған да осы Магнитка болатын.

Әскери комиссардың отбасында туып-өскен ол әкенің аялы алақанын сезіне алған жоқ, өйткені Түркістан әскери округінде комиссар болып жүрген әкесі Ысқақ Ұлы Отан соғысы басталған сәтте-ақ Майданға аттанып, Отан үшін от кешіп, мерт болған.. Алматыда туып, сонда 1958 жылы он жылдықты тәмәмдаған Әділ жоғары оқу орнына түсе алмай, бір жыл жұмыс істейді. Келесі жылы Қазақстан Магниткасының құрылысы туралы жолдастарынан естіп, біліп, осында келуге бел буады. Аудандық комсомол комитетіне келіп, екпінді құрылысқа сұранған достарымен

бірге 1959 жылдың жаз айында Теміртаудан бірақ шығады. Содан Магнитогорск қаласына аттанып, өздеріне беймәлім мамандықтың қыр-сырын үйреніп, Теміртауға қайта оралысымен, алып домна пешінің шөмішінде жұмыс істейді.

- 1960 жылдың үшінші шілдесінде алғашқы шойын қорытылған сол домна цехында жұмыс істегендіктен барлық салтанаттарға қатыстым, - деп еске алады сол бір ел тарихындағы маңызды оқиғаны көз алдына елестеткен қарт ардагер.

Әділ Ысқақұлының үлкен өмірі жолындағы тағы бір маңызды кезең оның әскер қатарында болған жылдары... Ол осы 1960 жылдың күз айында әскер қатарына алынып, Мәскеуде Ішкі әскер қатарында үш жыл Отан алдындағы борышын өтейді. Сол жылдары Қызыл алаңда өткен барлық салтанатты шерулерде күзетте тұрып, ел билеген талай басшыларды көзімен көріпті.

Әскер қатарынан оралысымен, яғни 1963 жылдан сол домна цехына горновой болып орналасады. Міне, осы жылдары тағдыр оны Нұрсұлтан

Назарбаевпен таныстырады. «Екеуміз алғашында бір цехта, бір ауысымда істедік. Оның жанындағы жолдастарына деген адал көңілі, ақ ниеті, ашық жарқын мінезі, болмыс-бітімі сол кезде-ақ өзгелерден ерекшеленетін» дейді ол жайында көңіл түкпіріндегі ризашылығын білдірген Әділ ақсақал.

- Ұмытпасам, 1967 жыл ма екен, Нұрсұлтан заводтың партия комитетінің хатшысы болған еді. Бір күні бәріміз Беков Хаурулла деген досымыздың үйіне жиналды. Сонда Нұрсұлтан «Жігіттер, мен қайда жүрсем де сендерді, өздеріңмен бірге істеген кездерімді ешқашан есімнен шығармаймын. Әрқайсысың мен үшін айнымас адал доссыңдар» деген еді. Оның осы сөзі сол кезде-ақ оның қарапайымдылығын, жанындағы жолдастарына деген адалдығын аңғартқан еді.

- Президентіміз Теміртауға келген әрбір сапарында міндетті түрде осындағы достарымен кездеседі. Қазақ елінің жыл өткен сайын дамып, гүлденіп жатқанын